


# REVYLINЕ

## RL 660

### Ауыз қуысына арналған



#### Құттықтаймыз!

Құрметті клиент, Сіз тістеріңіз бен қызыл иектеріңіздің әдемі және сау болуына мүмкіндік беретін жоғары технологиялық құрылғының иесі болдыңыз. Бірінші қолданғаннан кейін тазалықтың жаңа деңгейін сезініңіз.

#### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Revyline RL 610 ирригаторын бірінші рет қолданар алдында пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және оны сақтаңыз.

Электр жарақаттарының, күйіктердің, өрттің алдын алу үшін:

1. Құрылғыны суға немесе басқа сұйықтыққа түсірмеңіз.
2. Душ қабылдау кезінде ирригаторды пайдаланбаңыз.
3. Зарядтауға арналған ағытпаға судың түсуіне, USB-кабельдің сулануына жол бермеңіз.
4. Құрылғыны су бар ыдысқа немесе шұңғылшаға түсуі мүмкін жерлерде сақтамаңыз.
5. Су ағынын тілдің астына, құлаққа, мұрынға немесе басқа сезімтал жерлерге бағыттамаңыз. Құрылғы теріні және шырышты қабаттарды зақымдауы мүмкін күшті ағынды тудырады.
6. Тек фирмалық саптамалар мен керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
7. Ауыстырылатын саптамаға арналған ұяшыққа бөгде заттарды салмаңыз.
8. Құрылғыны ыстық беттерден алыс жерде зарядтаңыз.
9. Бұрын оттегі немесе аэрозольдер қолданылған бөлмеде ирригаторды қоспаңыз.
10. Құрамында йод, май, ағартатын ингредиенттер бар шайғыштарды резервуарға құймаңыз. Олар құрылғының тиімділігі мен қызмет ету мерзімін төмендетеді.
11. Резервуарға температурасы 40 градустан асатын суды немесе емдеуші тіс дәрігері ұсынған ерітіндіні құйыңыз.
12. Ирригаторды қолданар алдында барлық алынбалы құрылымдарды ауыз қуысынан алып тастаңыз.
13. Егер ауыз қуысында немесе тілде жаралар болса, құрылғыны қолданбаңыз.
14. 6 жастан асқан балалар ирригаторды ересектердің бақылауымен ғана қолдана алады.

#### АККУМУЛЯТОРДЫ ЗАРЯДТАУ

Құрылғыны бірінші рет қолданған кезде аккумуляторлық батареяны толығымен зарядтау керек. Құрылғының корпусында орналасқан ағытпаға микро USB-кабельді салыңыз. Кабельдің USB-ағытпасын зарядтау құрылғысына (жиынтықта жеткізілмейді) немесе шығыс қуаты 5 вольтты құрайтын жұмыс істейтін электрондық құрылғыға жалғаңыз (соның ішінде мобильді қуат банкі, компьютерлік USB-порт, ұялы телефонға арналған зарядтау құрылғысы және қуаты 5 вольт басқа да шығыс адаптерлер). Зарядтау уақытында зарядтау индикаторы қызыл түспен жанады. Толық зарядтаған кезде индикатордың түсі жасыл түске ауысады. Аккумуляторды толық зарядтау уақыты қуат көзіне байланысты 4-5 сағатты құрайды.

**Назар аударыңыз!** Аккумуляторды зарядтау кезінде құрылғыны пайдалануға болмайды.

#### АККУМУЛЯТОРДЫҢ ЗАРЯД ДЕҢГЕЙІН ТЕКСЕРУ

Су қысымын реттеу батырмасын басулы ұстап тұрыңыз. Заряд

деңгейі жанған индикатордың түсіне сәйкес көрсетіледі:

Көгілдір түс – заряд деңгейі 60% асады.

Жасыл – 15% бастап 59% дейін.

Қызыл түс – 15% аз.

#### ҚҰРЫЛҒЫНЫ ҚОСУ

Саптаманы ирригатордың жоғарғы жағында орналасқан ұяшыққа орнатыңыз және оны басып, тырс еткенше итеріңіз. Резервуарды корпустан ажырату керек. Бұл үшін резервуарды сағат тілімен (оңға) 45 градусқа бұраңыз. Осыдан кейін оны сумен толтырып, солға 45 градусқа бұру арқылы корпусқа қайта бекітіңіз. Құрылғыны қосу үшін қосу/өшіру батырмасын 0,3 секунд басып тұрыңыз.

**Назар аударыңыз!** Резервуарды сумен толтыру кезінде ирригаторды қосуға болмайды.

#### ЖҰМЫС РЕЖИМІН ТАҢДАУ

Revyline RL 660 ирригаторының конструкциясы 210 – 820 кПа диапазонында кез келген қысым деңгейін таңдауға мүмкіндік береді. Қысымды біркелкі реттеу оңтайлы деңгейді жеке таңдауға мүмкіндік береді.

Құрылғыны қосқаннан кейін сұйықтық қысымын реттеу батырмасын басып тұрыңыз. Сұйықтық қысымы біртіндеп артады. Сұйықтық қысымының деңгейі Сізге сәйкес келетінін сезгенде, батырманы босатыңыз. Қажетті деңгей сақталады. Келесі пайдалану кезінде құрылғыны қосу үшін қосу/өшіру батырмасын басып тұрыңыз. Ирригатор құрылғыны өшірмес бұрын соңғы қолданылған режимде жұмыс істейді.

Қысым деңгейінің режимін өзгерту үшін сұйықтық қысымын реттеу батырмасын ағынның қысым күші Сіз үшін оңтайлы болғанша басып тұрыңыз.

**Назар аударыңыз!** Құрылғыны қолданудың алғашқы кезінде төмен қысымды құрылғыны пайдалану ұсынылады. Бұл суара тазартуға бейімделуге және қызыл иектің қабынуы мен қан кету қаупін болдырмауға көмектеседі.

#### САПТАМАНЫ ОРНАТУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ

Саптаманы тұтқаның жоғарғы жағында орналасқан ағытпаға орнатыңыз және оны тырс еткенше итеріп салыңыз. Саптаманы алып тастау үшін бұғаттау батырмасын басып тұрыңыз және саптаманы құрылғының корпусынан алыңыз.

**Назар аударыңыз!** Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде саптаманы шығару батырмасын баспаңыз.


#### ИРРИГАЦИЯ РЕЖИМІ

Саптаманы тістің бетіне 45 градус бұрышпен орналастырыңыз. Ирригаторды қосыңыз, су ағынын тазалау аймағына бағыттаңыз. Су табиғи түрде ауыз қуысынан шұңғылшаға ағып кетуі керек. Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін алдымен бүйір тістердің аймағын, содан кейін алдыңғы жағын өңдеңіз. Саптаманы тіс аралықтарында ұстап, қызыл иек контуры бойымен жылжытыңыз. Егер соңғы 2 айда Сізге ауыз қуысына ота жасалса, ирригаторды қолдану алдында дәрігерден кеңес алу керек. Оның кеңестері мен ұсыныстарын орындаңыз.

#### ИРРИГАЦИЯНЫ АЯҚТАЛҒАННАН КЕЙІН

Қуатты өшіру батырмасын басыңыз. Резервуардағы қалған сұйықтықты төгіп тастаңыз. Қажет болса, аккумуляторлық



### ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



батареяны зарядтаңыз.

#### ШАЙҒЫШТАР МЕН ЕРІТІНДІЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жақсы әсер ету үшін Revyline шайғыштары



мен арнайы бальзамдарын қолданған жөн. Қолданылатын өнімнің нұсқауларына сәйкес дозаны есептеңіз. Ерітінділерді әр қолданғаннан кейін ирригаторды шаю керек.

**Назар аударыңыз!** Кейбір ауыз қуысына арналған шайғыштардың құрамына спирт кіреді, ол құрылғы жүйесінде ұзақ уақыт болған кезде оның бөлшектерін зақымдауы және сайып келгенде оның қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

#### КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Құрылғыны суға батырмаңыз. Сұйықтықты резервуарда сақтауға тыйым салынады. Құрылғының бетін тазалау үшін жұмсақ мата мен жұмсақ абразивті емес тазартқышты пайдаланыңыз. Кермек суды үнемі қолданған кезде құрылғының бөлшектерінде әк шөгінділері пайда болуы мүмкін. Оларды жою үшін ирригаторды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес тазалау үшін арнайы Revyline құралын пайдаланыңыз. Өндіруші судың кермектігіне байланысты ирригаторды үш айда бір-үш рет тазалауды ұсынады.

**Назар аударыңыз!** Құрылғының жұмысына байланысты жарақаттануды немесе жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін тек өндіруші ұсынған стандартты бөлшектер мен керек-жарақтарды пайдаланыңыз.

#### ЖИЫНТЫҚТАҒЫ САПТАМАЛАР

Тұрақты қолдануға арналған стандартты саптамалар – 2 дана. Назар аударыңыз! Саптама қатаң түрде жеке болуы керек. Бір саптаманы әртүрлі пайдаланушылардың қолдануына тыйым салынады. 3-6 ай тұрақты қолданғаннан кейін саптамаларды гигиена тұрғысынан ауыстыру ұсынылады. Әрбір 3 айда саптаманы ауыстыру ұсынылады.

#### КЕПІЛДІК

Құрылғыға кепілдік 2 жыл.

Аспапқа кепілдік берілген техникалық қызмет көрсету қолданыстағы кепілдік мерзімі ішінде тегін жүзеге асырылады. Әрі қарай, ирригаторға қызмет көрсету сатып алушының есебінен жүзеге асырылады.

#### Кепілдік қолданылмайды:

Шығын материалдары мен жиынтықтарына. Оларды арнаулы бойынша емес қолдану; абайсыз және/немесе ұқыпсыз қолдану (соның ішінде артық жүктеме) нәтижесінде, зақымдануға алып келген, уәкілетті емес ұйымның (жеке тұлғаның) түрлендіруі, ашуы және/немесе жөндеуі; пайдалану

жөніндегі басшылықта көрсетілген пайдалану және/немесе сақтау және/немесе тасымалдау ережелерін бұзу нәтижесінде істен шыққан және/немесе ақаулы болған тауарларға. Дұрыс емес қуат көзіне қосу салдарынан істен шыққан және/немесе ақаулар алған тауарларға.

Жойылмаған кемшіліктермен пайдаланылған тауарларға. Үшінші тараптардың әрекеттері, табиғат құбылыстары және табиғи апаттар, үй жануарлары мен жабайы жануарлар, жәндіктер, тауарлардың ішіне бөгде заттар мен сұйықтықтардың түсуі сияқты өндірушіге тәуелсіз себептерден туындаған ақауларға. Пайдалану барысында және табиғи тозу нәтижесінде пайда болған сыртқы және ішкі ластануларға, сызаттарға, жарықтарға, тозуға және өзге де механикалық зақымдануларға.

#### КЕҢ ТАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ

##### Саптама алынбайды

**Шешім:** Саптаманы алу кезінде құрылғының корпусында орналасқан саптаманы бұғаттау батырмасын басып тұрыңыз.

##### Ағын қысымы деңгейін таңдаудағы қиындықтар

**Шешім:** Құрылғыны қосқаннан кейін құрылғының қажетті жұмыс режимін таңдаңыз. Ирригация тиімділігін арттыру үшін Сізге ыңғайсыздық тудырмайтын режимді қолданыңыз. Қызыл иектің қабынуы мен әлсіздігі кезінде арнайы периодонталды саптаманы қолданыңыз (қосымша сатып алынады).

##### Ирригация кезінде қан кету

**Шешім:** Қан кету бұл қызыл иектің қабынуының тән симптом болып табылады. Қан кету кезінде төмен қысымды ирригатордың жұмыс режимін таңдау керек. Егер одан әрі қолданған кезде қан кету жалғаса берсе, тіс дәрігерінен кеңес алу керек.

##### Судың шашырауын қалай болдырмауға болады?

**Шешім:** Ирригация кезінде аузыңызды кең ашып тік тұрмаңыз. Шұңғылшаға қарай еңкейіп, аузыңызды ашыңыз. Ауыз қуысынан су табиғи түрде ағылады.

#### ЖИЫНТЫҚ

Revyline RL 660 ирригаторының негізгі блогы.

Сұйықтыққа арналған резервуар.

Стандартты саптама – 2 дана.

USB кабелі.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық.

### ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Үлгісі: RL 660.

Тіс және қызыл иек ауруларының алдын алуға арналған.

Су қысымының деңгейі: 210–820 кПа.

Пульсация жиілігі: минутына 1400–1800.

Резервуардың сыйымдылығы: 250 мл.

Корпус материалы: ABS (соққыға төзімді пластик).

Ылғалдан қорғау: IPX7.

Қуаты: литий аккумулятор 1500 mAh.

Толық зарядтау уақыты: 4 сағат.

Габариттері: 65,5x208,5x283,9 мм.

Салмағы: 230 г.

Тауардың жарамдылық мерзімі жоқ.

Орташа қызмет ету мерзімі: 5 жыл.

Кепілдік: 2 жыл.

Бөлме температурасында сақтаңыз.

Ресей Федерациясындағы импорттаушы МГАДЖЕТ ЖШҚ

Мекенжайы: 140002, Люберцы қ., Октябрьский даңғ., 20-үй,

2-корпус.

Қазақстандағы импорттаушы: МГАДЖЕТ КЗ ЖШС

Мекенжайы: Алматы қ., Төле би к-сі, 23а, 24-офис.

Қызмет ету мерзімі 5 жыл.

Тауар сертификатталған.

Өндірілген: Shenzhen Yuxinyuan Electronic Technology

Co., Ltd. 301, No.2 Hualangjia Industrial Park, No.28

Tongfuyu Industrial Area, Kukeng Community, Guanlan

Street, Longhua District, Shenzhen, China.

Егер сізде сұрақтар туындаса, қызмет көрсету

орталығына хабарласыңыз.

+7 700 219 40 93

www.revyline.kz

#### Кепілдік талоны

Ұйымның атауы .....

Сату күні .....

Мөрге арналған орын